

**Егемен Қазақстан**

**Егемен.kz**

**Ішсең – шұбат, жесең – ет, мінсең – көлік**

Бірақ түйе шаруашылығын дамыту тасада қалып келеді



Түйе түлігінің жыл санаудан қалай құр қалғанына аңыздан қанықпыз. Тұла бойына адам тіршілігі үшін қажетті дүниелерді тұтастырған осы бір адал, момын, кербез түліктің жолы өмірде шынымен шектеліп қалды. Шет қалу, еленбеу, бауырынан саулаған астатөк ақ сүтінің, одан дайындалған шұбатының құнары белгілі болса да, құны болмау, тағысынтағылар...

Түйе – қазақтың өз малы. Көшкенде қосын артып, қомына немересін қасына ала ақ жаулығы қарқарадай аналар жайғасып, бесік пен шаңырақты үйлестіре теңдейтін көлігі болғандығы белгілі. Жаугершілік заманда атан мініп жер шолғандар жайлы оқып біліп жүрміз. Желмаясымен желіп өткен Асан қайғы атамыз мін болса, зады түйені тақымына басып несі бар?! Әр заманда талай қазақ баласының талғажауына татыған, қажетіне жараған түйе әлі күнге лайықты қолдауға ие емес.

Қолда барды ұқсатып, ел игілігіне жарату, сол арқылы тәуелсіз мемлекетімізді әр бағытта дамыту тірліктері қолға алынған қазірдің өзінде түліктің төресі бола тұра түйенің көзге ілінуі кемшін. «Көрмес түйені де көрмес» деген осы болса керек. Шөлге шыдамды, ащылы-тұщылы шөбі бар далада маңғаз жайылып, бәйек боп қора тұрғызып, алдына ас салып аса мәпелеуді қажет етпей, табиғат аясында емін-еркін өсіп-өне беретін түйе еліміздің Маңғыстау, Қызылорда, Атырау, Орал өңірлерінде өсіріледі. Нақтырақ айтсақ, түйе малы бағзыдан осы өңірлер климатына барынша бейімделген дәстүрлі сала. Бірақ, дәстүрлі, қалыптасқан бола тұра түйе шаруашылығы дамымай қалды, еңсесі заманға сай тіктелген жоқ. Бір ғана мысал – табиғи климаттық жағдайларға байланысты басқа аймақтарда негізгі шаруашылыққа жатпағандықтан болуы керек, түйе күні кешеге дейін салалық мемлекеттік бағдарламалардан тыс қалып келді. Бұған дейін ет түрлері тізбесіне «түйе еті» деген жол ілінбеген болса, 2014 жылға жасақталған «Мал шаруашылығының өнімділігі мен өнім сапасын арттыру бағдарламасы» жобасында субсидияланатын тізбеге түйе еті енгізіліп, айды аспанға бір-ақ шығарды. Бірақ, бұл әлі жоба ғана. Бұл – құзырлы министрліктегілердің түйеге «бет бұра бастағанындай» әсер береді. «Түйе етін жей ме?» деушілер де табылмай қалмайды, ата дінімізден алас етілген торайдың етінен дайындалған кәуапқа тойып алып, ит пен тасбақаның етін қызықтап жеп, бақа-шаян, құрт құмырсканың тұрқын десерт деп сорып отыратын бауырлардың ақ адал түйе малының етінен тыжырынуының жөні жоқ. Былтыр күз айында Астана қаласында өткен ауыл шаруашылығы жәрмеңкесіне сиыр, қой, жылқы етімен бірге түйе етін апарған маңғыстаулық шаруагерлер астаналықтардың түйе етін сөмкелеріне сықай толтырып, сөрелерді босатып кеткендігін айтады. Денсаулыққа өте пайдалы саналатын сусын – шұбатқа қызығушылық пен сұраныстың қандай болғандығы айтпаса да түсінікті. Осыған қарап халыққа түйе өнімдерінің қолжетімділігін көпе-көрінеу шектеп отырған жоқпыз ба деген ой келеді. Аталған аймақтарда түйе шаруашылығын барынша дамытып, оның өнімдерін ел игілігіне ұсынса, өзін өзі ақтайтыны анық.

Адам ағзасына пайдалы, құнарлы бола тұра шұбаттың да «бағы жанып» тұрған жоқ. Шұбат өндірісіне жасалған қолдау – республикалық бюджеттен литріне 55 теңгеден субсидия төлеу. Бұл сиыр сүтіне белгіленген құн, ал шұбат түйеден шұбат күйінде сауылмайды, ол – түйенің сүтін ашыту арқылы қазірге дейін көбіне дәстүрлі технологиямен дайындалатын өнім. Сондықтан, шұбатқа сүттің бағасын беру дұрыс емес.

Қазіргі таңдағы есеп бойынша еліміздегі барлық түйенің үштен бір бөлігі Маңғыстау даласында жайылып жүр. Олар толықтай жекеменшіктің иелігінде. Ауылдық жер тұрғындары мал ұстап, шұбатпен өздерін өздері қамтамасыз етеді, ал өңірде түйе сүтін өңдеумен «Жаңаөзен сүт зауыты» ЖШС мен «Таушық ауыл шаруашылығы» ЖШС сүт өңдеу цехы айналысады. Шұбатты негізгі тұтынушылар – Ақтау, Жаңаөзен қалалары және ірі өндірістік кәсіпорындар. Олар шұбатты жұмысшыларға тамақ әрі сусын ретінде қабылдап жатады. Жоғарыда аталған екі сүт өңдеу нысанының есебіне жүгінсек, шұбатты дайындап, өңдеп, құтыға құйып шығару үшін қосымша жұмсалатын шығын 89,17-95,29 теңге аралығында екен. Түйенің арнайы кешендерде қолға ұстап бағылмайтындығын, бір-біріне шалғай орналасқан ауылдық жерлерде ұсталатын тұз малы екендігін, шұбат

дайындау технологиясының, оны құтылау, сақтау, тасымалдау мәселелерін ескеріп, шұбатқа төленетін субсидияны литріне 150 теңгеге дейін көтеру қажеттігі айқын сезіледі. Маңғыстау облысында қазір 10-12 мың бас аналық түйеден 3,5-3,7 мың тонна сүт алынады екен. Бұл жылына орта есеппен бір түйеден 330 литрге тарта сүт өндіру деп есептеуге мүмкіндік береді, бұл есептер түйе шаруашылығын қолдау дұрыс жолға қойылса, сүт өнімі өндірісін кемінде 3 есе ұлғайтуға болатындығын көрсетеді. Бірақ, істің тетігін, көзін таппағандықтан бұл сала, иен байлық, аста-төк асдәм игерілмей, халыққа жетпей жатыр. Өз отбасына қажетті шұбат үшін 2-3 түйені ғана сауатын түйе иелері қалған боталарды аналарымен бірге босатып жіберуге мәжбүр. Шұбатты дайындап, құтылап өткізетін арнайы орын болмағандықтан, Маңғыстауда түйе қазір тек ет өндірісі көзіне ғана айналып барады. Цехтарда өндеуден өтіп дайындалған құтылы өнімдерді өндірістік мекемелер алатындықтан болар, құтыларға құйылған шұбат тар дүкен сөрелерінен сирек ұшырасады. Ғалымдар жаңа лығындағы «таблетка шұбат», «ұнтақ шұбаттардың» бәрібір құнарлылық жағынан табиғи шұбатты алмастырмайтындығы белгілі, оның үстіне даласы түйеге толы қазақ баласына таблетка мен ұнтаққа қарап қалар не күн туыпты?!

Мал, оның ішінде түйе туралы сөз еткенде, айтылуға тиісті бір тақырып – жүн. Қойдың қылшық жүні мен терісін айтпағанда, түйенің мамық жүнін делдалдар 500-600 теңгеден қабылдап алады. Ал ол жүннен дайындалатын тауарлар тізбегі мен аталмыш құнды салыстырып қарағанда, кімнің ойсырай ұтылып, кімнің ұрты қаншалықты пайдаға майланатыны анық көрінеді. Алдындағы малдың жай-күйін бес саусағындай жақсы білетін «дала профессорлары» малбегілер түйені аяп күземесе, пайда табу мақсатында күзеп әлекке қалуды доғарды. Кей жағдайларда табиғат жүнді өзі түлетіп, өзі өсіріп, өзі ұшырып әкетеді. Мал шаруашылығына қатысты осы жайттар еліміздің ауыл шаруашылығы саласына үлкен және оң өзгерістер енгізу, тегеурінді тетіктерді іске қосу қажеттігін аңғартады. Мысалы, Маңғыстаудың маңдайына біткен сүбелі қос саланың бірі – мұнай болса, екіншісі – мал шаруа шылығы. Құдайға шүкір, мұнайдың жұлдызы жарқырап тұр. Мұнай саласының жұмысы жүйелі түрде ұйымдастырылған, яғни өндіруші өз жұмысын атқарса, өзге тиісті мекемелер қабылдауды, сақтауды, тасымалдауды, сатуды неме се дайын өнім шығаруды жүзеге асырады және оларды табатын табысы қанағаттандырады. Саланың маңыздылығына орай жұмыс ырғағы, өнім ділігі үнемі Үкімет назарында. Ал, ауыл шаруашылығы саласының жұмысы мардымсыз – мұнда табыс аз, қиындық көп болғандықтан ешкімді қызықтырмай, тоқырап, талантаражға түсті.

«Игіліктің ерте-кеші жоқ» дейді халық даналығы, әлі де болса ауыл шаруашылығын дамытып, мал басын арттырып, сол арқылы табиғи таза, арзан өнімді өзімізде өндірудің мүмкіндіктері мол. Шағын субъектілердің, шаруашылық саласындағылардың зауыт, фабрика салуға қаржысы жоқ, қаржы институттарынан алайын десе, кепілге қоятын дүние-мүлкі тағы жоқ, жүйкені жұқартып барып қол жеткізуге болатын бұл қаржылардың шарықтап тұрған сыйақысынан-ақ шаруагер зәрезап.

Өзге аймақтардан сиыр, шошқа, құс әкеліп, оны ауа райына бейімдеп, қора-жай салып, жемшөп әзірлеп, тұрақты адам күтіміне беріп қосалқы шығынға белшеден батқан дұрыс па, әлде қолда барды бағалай білген дұрыс па? Бұл шаруашылықтардың да берер өнімі жоқ емес, бірақ жергілікті жерде қиындықсыз өсіп-өнетін дәстүрлі мал шаруашылығын дамыту – сапалы, арзан, мол өнім өндірісінің көзі. Бұл салаларды дамытуға халық ынталы, тарихи машықтанған, көп кәсіби біліктілікті де қажет етпейді, бағым-күтімін негізінен шаруагер өз мойнына алып отыр, мамандарымыз ветеринарлық ішараларды уақытында іске асырып, жергілікті атқару органдары өнім өндірісіне, өңделуіне, сатылуына жағдай жасаса, Үкімет тиісті деңгейде көмек көрсетсе – біраз істің басы шешіледі. Өнім өндірісін молайтудың Үкіметке де, халыққа да тиімді жолының бірі болары анық. Сондықтан, түйе өсіретін өңірлерде түйеден тауарлық сүт фермаларын құру қажет. Сүт көлемін арттыру үшін қазақтың айыр түйесі мен түркіменнің аруанасын будандастыру арқылы «қазақ аруанасын» шығаруға ұмтылғаннан гөрі, мемлекеттік

«Сыбаға» бағдарламасы арқылы табиғаты ұқсас, қашаннан малы аралас көрші түркімен халқының аруанасын алдырған тиімді. Айыр түйенің сүті сапа жағынан озық болса, түркімен аруанасының сүті 2-3 есе өнімді.

Біз құнарлы, таза төрт түліктің өнімін ұқсата алмай келеміз. Тұтыну нарығымызды көздің жауын алатын жылтырақ қағаздарға оралған, әдемі құтыларға құйылған, құрамы небір қоспаларға тұнып тұрған шетелдік тағамдар мен қызылды-жасылды су-суандар басып алды. Атам қазақтың «малжан» деп отбасымен қосарлана айтылып, қымбатына бағалаған малы – қой мен жылқының, әсіресе, жиырма жыл бойы елеусіз қалып, күні бүгінге дейін ешкімге керексіз болған түйенің жазығы қанша?

Гүлайым ШЫНТЕМІРҚЫЗЫ

Күзембай ЕРҒАЛИЕВ

Маңғыстау облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының басшысы